



# ТӨЛЕБИ ТҰЫ



ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

№26 (8786) Жұма, 11 шілде 2025 жыл.

Біздің веб-сайт: <http://www.tolebituy.kz/>

Электронды почта: [tolebi\\_tuy@mail.ru](mailto:tolebi_tuy@mail.ru)

Өткен аптада аудан халқы үшін қуанышты жаңалық орын алды. Төлебиге арнайы ат басын бұрған ҚР Парламенті Сенатының

уақытта қолға алынбақ.

Қазіргі таңда Қаратөбе ауылдық округінен бастау алатын топтық су жүйесі арқылы 12 елді мекеннің 25 243 тұрғыны (4 231 абонент) ауыз су тұтынып отырғанымен, сегіз жылдан бері қолданылып келе жатқан ашық су көзі – Балдыберек өзені жауын-шашынды мезгілде лайланып, сапасыз күйге түсіп, санитарлық талаптарға сай келмейді. Тұрғындар тарапынан су сапасына байланысты

## Жағымды жаңалық

депутаттары Әли Бектаев, Мұрат Қадырбек және Әлішер Сатвалдиев 25 мың тұрғынның тағдырына тікелей әсер ететін жағымды жаңалықпен бөлісті. Олар ауыз су мәселесін шешуге қатысты нақты қадамдарды жария етті.

Сенаторлар аудандық білім бөлімінің ғимаратында облыстық, аудандық мәслихат депутаттарымен өткен кездесу барысында Төңкеріс елді мекенінің жоғарғы бөлігінен, Ақсу-Жабағылы мемлекеттік қорығы аумағындағы



Балдыберек өзенінен бастау алатын Бақырауық бұлағынан ауыз су құбырларын тарту жобасын талқылауға ұсынды. Келісім нәтижесінде екі жақты меморандум түзіліп, су тарту жұмыстары алдағы

шағымдар жиілеген еді.

Бақырауық бұлағынан су тарту – осы мәселеге түбегейлі нүкте қоюға бағытталған маңызды қадам. Енді 12 ауылдың халқы таза, сапалы ауыз суға қол жеткізбек.

## ТАҒЫ ДА МЕКТЕП ТУРАЛЫ...

Мереке күндері ешнәрсе жазбай-ақ тыныш отыруға да болар еді. Бірақ бүгінгі мектеп жайы, ондағы мұғалімдер мен шәкірттердің сапасы, айналып келгенде еліңнің, мемлекетіңнің болашағы деген мәселе демалыс күн, мерекеге қаратпайды екен...

Жағдайды білетіндер келісер, бізбен келіспейтіндер өре түрегелер, қазір республикамыздың педагогика саласы екіге жарылып, бір-бірімен іштей де, сырттай да аңдысып отырғандай әсер қалдырады. Салаға Асхат Аймағамбетов деген министр болып тұрғанда «белсенді мұғалімдер» деген ұғым пайда болды. Ол топқа негізінен жұмысы белсенді мұғалімдер емес, әлеуметтік желіде «белсенді» болып отыратын мұғалімдер жатқызылды. Бұл жерде «белсенді» деген сөзді неге тырнақшаға алып отырмыз? Себебі олар қызылкенірдек болып сабақ берудің әдістері мен тәсілдері жөнінде айтыспайтын. Олар билікке «мына директорыңды алып кет!», «мына мектепке өзіміздің Пәленшеевті директор етіп қой!» деген сияқты талаптар қойып, «белсенділік» танытып жататын. Және бір қызығы, оларды министр Аймағамбетов ауық-ауық қабылдап, ол қабылдауларды міндетті түрде әлеуметтік желіге өзі де, әлгі «белсенді мұғалімдер» де іліп жататын.

Аймағамбетов министрлік тақты босатқанымен, әлгі «белсенді педагогтар» орнында. «Саланы осындай күйге түсірдің» деп Аймағамбетовке не Президент, не Премьер-министр шара көрген жоқ. Шара көргенді айтасыз, Аймағамбетов «Аманат» партиясының тізімімен Мәжіліске депутат болып сайланып кетті.

Ендігі жағдайды қараңыз, Аймағамбетов Мәжілістің мінберінен ауық-ауық мәселе көтеріп қояды, мына жақтан кешегі «белсенді педагогтардың» қойбасы ақтарылып жатады. Мәселен, «Қазбілім» ұлттық мектептерінің бірінде мұғалімдерге істеген жұмыстары үшін жалақы төленбеген. «Жекеменшік болып саналатын ол мектеп мемлекет тарапынан да қаржыландырылып отырған, ақылы негізде ата-аналардан да ақша алып отырған» деп шулайды әлеуметтік желі. Әлеуметтік желіде мұғалімдер жалғыз «Қазбілімнің» төңірегінде шулап жатқан жоқ. Тақырып жетеді. Біреу директордың демократ емес екендігіне шағымданады, біреу оқу бөлімі меңгерушісінің оңбаған екендігін айтады. Өлгінде де айттық, негізінен шулап жатқандардың көпшілігі мұғалімдер... Бала оқытып жүрген кісілер...

Ал, бұл мұғалімдердің сапасы деген сөз!

Мұғалімдердің сапасы осылай болғанда шәкірттердің сапасы қандай болады?

Бұл сұраққа жеңіл-желпі жауап беру қиын. Бірақ бір нәрсені ескермей болмайды.

Бұрын қазір елдің бәрі иттен әрі, шошқадан бері қылып жүрген Кеңестер Одағы кезінде мектептер бастауыш мектеп, жетіжылдық немесе сегізжылдық мектеп, орта мектеп деп үшке-ақ бөлінетін. Олардың бәрі мемлекеттік мектеп болып саналатын. Осы мектептерді орташа оқыған балалардың өзінде үйіне хат жаза алатын сауат болушы еді. Қате жазу берісі ұят, әрісі мәдениетсіздік саналатын. Қазір...

Қазір мектептің түрі көп. Лицей-мектеп дейді, гимназия-мектеп дейді, мемлекеттік мектеп дейді, жекеменшік мектеп дейді, ұлттық мектеп (айтқандай, жаңағы «Қазбілімнің» ұлттық деген мәртебесі бар) дейді, «Бином» дейді, «Сином» дейді, «Кино» дейді, дейді, дейді, дейді... Бірақ тәуелсіздікті жариялаған 35 жылдан бері бұл мектептерден ұлтқа тұтқа болар бір қайраткер, не алыс-жақынды мойындатқан бір талант шықпады. Мен әншілер мен спортшыларды айтып отырған жоқпын. Кейбір мектептер өз оқушыларының дінге кіріп кеткенін не болмаса бандалық топтарға кіріп кеткенін білмейді. Ондағы класс жетекшілерінің, пән мұғалімдерінің біразы «менің міндетім білім беру ғана, тәрбиесімен ата-анасы айналыссын» деген ұстаныммен жұмыс істейді.

Ал кешегі мектептерден Дінмұхаммед Қонаев, Ілияс Омаров, Өзбекәлі Жәнібеков, Асанбай Асқаров, Әбіш Кекілбаев, Асқар Жұмаділлаев, Тоқтар Әубәкіров сияқты толып жатқан Тұлғалар, Қайраткерлер, Таланттар шықты! Сол кездегі төртжылдық, сегізжылдық, онжылдық мектептерде істейтін қарапайым мұғалімдер саясатқа араласпай-ақ, «бізді сайлауға қатыстырады, сенбілікке шығартады, газет-журналдарға зорлап жаздыртады» деп көз жастарын бұламай-ақ жаңағы Қонаев секілді, Жәнібеков секілді шәкірттерінің қабілеттерін аша білді, шырақтарын жаға білді. Ол мұғалімдер қазіргі мұғалімдердей Америкаға, Жапонияға, Еуропа елдеріне тәжірибе алмасуға бармай-ақ мемлекет қайраткерлерін даярлап шығарды. Қазіргі мұғалімдер әлемді кезіп жүргенде әрі кеткенде әлеуметтік желі қайраткерлерін даярлайды. Бәрі емес, әрине. Өз кәсібіне құлай берілген мұғалімдер қазір де жоқ емес, бар, бірақ олар әлгіндей «белсенді педагогтар» тобына кіре алмайды. Оған кіру үшін... кәсібіңді құлай сүю аздық етеді.

Иә, өмір сырғып өтіп жатыр. Елдің ертеңі қандай болатынын білу үшін соншалықты ғұлама әулие болудың қажеті жоқ, бүгінгі жас өскінің қандай тәрбие алып жатқанына бір сәт назар аударсаңыз болғаны.

Шынында да қазір мектептің түр-түрі бар, қайраткер ұлдар неге жоқ?

Еш болмаса, мектебіңе ие болсаңшы, мемлекет-ау...

Абай БАЛАЖАН.

## Мәжіліс депутаттары Төлебиде

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Ұласбек Сәдібеков пен Нұрсұлтан Байтілес Төлеби ауданына жұмыс сапарымен келіп, бірқатар нысандарды аралап, тұрғындармен кездесті.

экологиялық әсеріне алаңдаушылық білдіріп, күнделікті техниканың шуы мен аптасына бірнеше рет болатын жарылыстардың елді мекенге кері әсер етіп жатқанын жеткізді. Халық

жылы басталған құрылыс бұл күндері қаржы жөтіспеушілігіне байланысты тоқтап тұр. Ауыл тұрғындары бұл нысанның ел игілігіне берілгенін қалайтынын айтып, республикалық бюджеттен қосымша қаржы бөлуге ықпал етуді сұрады.

Сапар соңында халық қалаулылары Ленгір қаласындағы №3 көріз тазалау нысанының құрылыс барысын көрді.

Нысанның құрылысын аяқтауға республикалық бюджет есебінен қаржы қаралған. Құрылысы аяқталған соң тәулігіне 3500 м³ ағынды су тазартылады деп жоспарланған бұл жоба қала халқы үшін аса маңызды.

«Төлеби-ақпарат».



Иссапар барысында мәжілісмендер алдымен Кеңеңалған ауылдық округі Ақбастау елді мекеніндегі «Шымкент цемент» зауытын шикізатпен қамтамасыз ететін карьер жұмысымен танысты. Тұрғындар 68 жылдан бері үздіксіз жұмыс істеп келе жатқан карьердің

тас алу және жару жұмыстарының қауіпсіздік талаптарына сай жүргізілуін сұранды.

Киелітас елді мекенінде депутаттар «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында салынып жатқан мәдениет үйінің құрылысымен танысты. 2023

# Төлеби ауданы бойынша 2025 жылғы «Алтын белгі» иегерлері

| № р/с | Мектептің толық атауы          | Тегі, аты, әкесінің аты          |
|-------|--------------------------------|----------------------------------|
| 1     | №1 мектеп-гимназия КММ         | Лесбек Альмира Нұрдәулетқызы     |
| 2     | №1 мектеп-гимназия КММ         | Уразбекова Айкерім Ахансеріқызы  |
| 3     | №1 мектеп-гимназия КММ         | Лесбек Мереке Мақсатқызы         |
| 4     | №1 мектеп-гимназия КММ         | Элмурат Сымбат Тахирқызы         |
| 5     | "№2 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ  | Лес Шапағат Ерланқызы            |
| 6     | "№3 П.Тәжібаева ат. жббм" КММ  | Рахметова Асель Акимбергенқызы   |
| 7     | "№4 Қ.Сәтбаев ат. жббм" КММ    | Азимбай Әмина Ерболқызы          |
| 8     | "№4 Қ.Сәтбаев ат. жббм" КММ    | Ауезхан Балымай Лесбекқызы       |
| 9     | КГУ "Школа-гимназия №5"        | Прокопенко Ксения Алексевна      |
| 10    | №7 ІТ мектеп-лицей             | Жолшибекова Еңлік Есенғалиқызы   |
| 11    | №7 ІТ мектеп-лицей             | Мырзабай Мөлдір Бекмұратқызы     |
| 12    | №7 ІТ мектеп-лицей             | Утебаева Гулжан Нұрланқызы       |
| 13    | №7 ІТ мектеп-лицей             | Сүіімбай Аруна Ғалымжанқызы      |
| 14    | "№16 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ | Арыстанбек Нұрсәне Құрбанәліқызы |
| 15    | "№16 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ | Бородина Полина Андреевна        |
| 16    | "№16 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ | Калмыкова Анна Андреевна         |
| 17    | "№16 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ | Курочкина Лидия Алексеевна       |
| 18    | "№16 Ш.Уәлиханов ат. жббм" КММ | Хусанова Фирдавс Жамшитқызы      |
| 19    | "Ақайдар жббм" КММ             | Ағабек Гаухар Әлімжанқызы        |
| 20    | "Ақбастау жббм" КММ            | Лесбек Нұрымжан Рақымжанұлы      |
| 44    | "Алатау жббм" КММ              | Қалдыбек Кәусар Абдукаимқызы     |
| 22    | "Б.Биолатұлы ат. жббм" КММ     | Жүгініс Алуа Әбілқасымқызы       |
| 23    | "Б.Биолатұлы ат. жббм" КММ     | Темірхан Ақниет Батырқызы        |
| 24    | "Б.Биолатұлы ат. жббм" КММ     | Тұрар Назыкен Нүркенқызы         |
| 25    | "Б.Биолатұлы ат. жббм" КММ     | Абсаттар Бектөре Нұрланұлы       |
| 26    | "Б.Түлкиев ат. жббм" КММ       | Жанша Нұрберген Қайыржанұлы      |
| 27    | "Б.Түлкиев ат. жббм" КММ       | Сұлтан Жаңыл Құттыбекқызы        |
| 28    | "Балдыберек жббм" КММ          | Зулпухар Адина Жомартбекқызы     |
| 29    | "Балдыберек жббм" КММ          | Тимебай Сымбат Нұрланқызы        |
| 30    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Айдаров Ербол Аманжолұлы         |
| 31    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Алшынбек Маржан Мейрамқызы       |
| 32    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Кадырбай Кәусар Есинғалиқызы     |
| 33    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Мергенбай Жанна Диллакаримқызы   |
| 34    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Ван Рауан                        |
| 35    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Қоныс Тоғжан Асылбекқызы         |
| 36    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Қуандық Тұмар Зұлбұхарқызы       |
| 37    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Бахытбек Ақнұр Төлегенқызы       |
| 38    | "Бірінші мамыр жббм" КММ       | Есполған Дария Ермаханқызы       |
| 39    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Анаш Улжан Улықбекқызы           |
| 40    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Әбдіхалық Қымбат Қазыбекқызы     |
| 41    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Қуланбай Арайлым Әуезханқызы     |
| 42    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Есімхан Ақниет Айдарханқызы      |
| 43    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Мырзакарим Сымбат Орынбасарқызы  |
| 44    | "Әл-Фараби ат. жббм" КММ       | Боранбай Назерке Қоспайқызы      |
| 45    | "Жаңажол жббм" КММ             | Дастан Дарын Маханбетұлы         |
| 46    | "Жаңажол жббм" КММ             | Қарабек Балауса Жақсыбекқызы     |
| 47    | "Жаңажол жббм" КММ             | Тұрсынқұл Нұрдана Нұрсейітқызы   |
| 48    | "Жаңажол жббм" КММ             | Бақберген Айдана Нұрғалиқызы     |
| 49    | "Жеңіс жббм" КММ               | Абдыхан Бақытгүл Сейтханқызы     |
| 50    | "Жеңіс жббм" КММ               | Ақмурат Аида Нұрлыбекқызы        |
| 51    | "Жеңіс жббм" КММ               | Ақмұрат Айым Нұрлыбекқызы        |

| № р/с | Мектептің толық атауы          | Тегі, аты, әкесінің аты            |
|-------|--------------------------------|------------------------------------|
| 52    | "Қ.Байболов ат. жббм" КММ      | Төлебек Рамазан Нұрдәулетұлы       |
| 53    | "Қ.Мамытов ат. жббм" КММ       | Орынбасар Сымбат Мажитқызы         |
| 54    | Қ.Тыныбеков ат. жббм КММ       | Туганбаева Іңкәрім Айдарханқызы    |
| 55    | "Қазақстан жббм" КММ           | Полат Еңлік Қанатқызы              |
| 56    | "Қайнар" жббм" КММ             | Досымхан Аяжан Аманжолқызы         |
| 57    | "Қайнар" жббм" КММ             | Қуандық Асылай Жәнібекқызы         |
| 58    | "Қаратөбе жббм" КММ            | Кенжахан Арман Бауыржанұлы         |
| 59    | "Қаратөбе жббм" КММ            | Серікқызы Ұлболсын                 |
| 60    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Темирбаева Сабина Бегалықызы       |
| 61    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Сәрсен Мерей Бакытжанқызы          |
| 62    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Бабатай Айзере Дулатқызы           |
| 63    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Түменбай Айдана Бахытжанқызы       |
| 64    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Баялы Аяжан Галымжанқызы           |
| 65    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Орынтай Әсем Қаныбекқызы           |
| 66    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Зиябек Дулат Қуатбекұлы            |
| 67    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Искандарова Зейнап Рашидовна       |
| 68    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Есімхан Айзере Мұхтарханқызы       |
| 69    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Бахруллаев Жавохир Фахриддинович   |
| 70    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Сатаев Саид Рустамович             |
| 71    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Рысқұлбек Нұрсұлтан Торғауытұлы    |
| 72    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Хитарова Бахар Зейнуллаевна        |
| 73    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Гагалова Аида Рашидовна            |
| 74    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Ринк Елизавета Сергеевна           |
| 75    | "М.Х.Дулати атындағы жббм" КММ | Туганбаева Севинч Мрахматовна      |
| 76    | "Майбұлақ жббм" КММ            | Бахадүр Балерке Серікқызы          |
| 77    | "Майбұлақ жббм" КММ            | Жолшыбекқызы Сезім                 |
| 78    | "Мәдени жббм" КММ              | Меирбекқызы Айзере                 |
| 79    | "Момынай жббм" КММ             | Ахтай Дана Жандосқызы              |
| 80    | "Момынай жббм" КММ             | Азирбай Мереке Мырзақасқызы        |
| 81    | "С.Темірбеков ат. жббм" КММ    | Әбдіүәлі Ұлжалғас Ерболатқызы      |
| 82    | Сұлтан рабат жббм КММ          | Зияев Аброр Дилмурадұлы            |
| 83    | Сұлтан рабат жббм КММ          | Муратжанов Ихласбек Сахибжанұлы    |
| 84    | Сұлтан рабат жббм КММ          | Джаппаралиев Бобур Дадаханович     |
| 85    | "Т.Тоғысбаев ат. жббм" КММ     | Бектұрсын Айшат Қанатқызы          |
| 86    | "Төлеби жббм" КММ              | Абжаппар Нұрболат Дәулетұлы        |
| 87    | "Төлеби жббм" КММ              | Төленбай Ақерке Нұрланқызы         |
| 88    | "Төлеби жббм" КММ              | Асқар Аяулым Галымжанқызы          |
| 89    | "Төлеби жббм" КММ              | Төленбай Еркебұлан Нұрланұлы       |
| 90    | "Т.Назарбеков ат. жббм" КММ    | Тәңірберген Аружан Маратқызы       |
| 91    | "Т.Назарбеков ат. жббм" КММ    | Қали Диана Шаймерденқызы           |
| 92    | "Ұйымшыл шжжббм" КММ           | Айтуар Алуа Ерғалиқызы             |
| 93    | "Ұйымшыл шжжббм" КММ           | Ұбайдан Айдана Кенжебайқызы        |
| 94    | "Ханарық" жббм" КММ            | Шакаримова Феруза Жавланбековна    |
| 95    | "Ханарық" жббм" КММ            | Орманова Чарос Юсупжановна         |
| 96    | "Ханарық" жббм" КММ            | Шакиржанова Сарвиназ Фархадбековна |
| 97    | "Ханарық" жббм" КММ            | Яхшиназарова Дилёра Хуршидбековна  |
| 98    | "Шомшақты жббм" КММ            | Маханбетәлі Ақниет Маратқызы       |
| 99    | "Шомшақты жббм" КММ            | Ережеп Тоғжан Бахытқызы            |
| 100   | "Ы.Алтынсарин ат. жббм" КММ    | Шырынбек Несібелі Сапаралықызы     |
| 101   | "Ынтымақ жббм" КММ             | Азиева Донаханым Вагифовна         |



# Естеліктерді жаңғыртқан, жүректерге жылу сыйлаған кездесу

1960 жылы сол кезде аудандағы жалғыз 10 жылдық қазақ орта мектебі – Ленгір қаласындағы Шоқан Уәлиханов атындағы білім ордасының табалдырығын аттаған балапан балалар болсақ, ал 1970 жылы үлкен өмірге қадам басқан жасөспірім қыз-бозбалалар еліміздің шартарабына арман қуып, тарыдай шашылып кетіппіз.

Биыл осы түлеп ұшқан алтын ұямыздың іргесі қаланғанына 70 жыл толған болатын. Осы мерейлі датада неге мектеп бітіргенімізге 55 жыл толуын атап өтіп, балалық балғын шақты еске алып, қауышпасқа деген тәуекелге бел будық. Алайда «қалай болар екен?» деген ой да мазалағаны рас. Иә, сол ой жетегінде құрбы-құрдастарымызды, тұрасын айтқанда, он жыл бірге оқыған кластастарымызды іздестіре бастадық. Күндіз-түні бір-бірімізді сұрастырып, қоңырау шалулар басталып кетті. Жүрек толқыды, сағынышқа толы кездесу болатынына барлығы қуанышты. Жасымыз 72, 73-ке келсе де, сол бір бала күнгі пәк кеңіл әрқайсымыздың бойымызда екен.

Сонымен шырайлы Шымқалада сәулеті келіскен бір тойхананы жалдадық. Күндер зулап өте шықты. Кездесетін күн де келіп жетті. Тойхананың алдында осы күнді көру бұйырған 1970 жылғы бозбалалар, бүгінде самайларын ақ шалған, жүздерін әжім торлаған, алайда көңілдерінде неше түрлі толқу бар ата-әжелер бір-бірімен құшақ жая амандасып жатты. Жанарларға досқа деген сағыныштың жасы үйірілді.

Жарты ғасырдан астам уақыттан кейінгі кездесуде құрбы-құрдастар сыр шертісіп, қызықты, көңілді, мұнды, сағынышқа толы әңгімелердің тиегін ағытты. Көпшілігі бүгінде ата-әже атанып, түрлі салада еңбек еткен ел ардақтылары өзара шүйіркелесіп, әркім өткен өмір жолын әңгімеледі.

Дастархан басына жайғасқаннан кейін



мектеп табалдырығын аттағанда, бізді күлімдеп қарсы алған алғашқы ұстазымыз марқұм Түкібаева Роза апайымызды, класс жетекшіміз Орынбекова Раушан апайды еске алып, алғысымызды айттық. Бір өкініштісі, тағы бір класс жетекшіміз Бердиева Майдан апайымызды табудың реті келмеді.

Осы кездесуді ұйымдастыра бастағанда, кластастарымыз туралы түрлі жағдайлардан хабардар болдық. Біразы денсаулығы сыр беріп, соған байланысты келе алмайтынын айтса, енді біреулері мәңгілік мекеніне аттанып кеткен екен. Өттең... Жүрек сыздады. Өмір ғой. Өмірдің заңына бағынбасқа шара жоқ...



Марқұм болғандарды еске алып, рухына Құран бағыштадық.

Той басталды... Той болғанда да ерекше той. 55 жыл – аз уақыт емес. Бір адамның ғұмырына татитын 55 жыл. Бірақ осы уақыт аралығында достыққа деген адалдық, мектепке деген сағыныш сөнбеген екен. Мына өмірде балалық балғын шаққа, бірге өткізген бозбала кезге не жетсін, шіркін! Сол тап-таза шақтағы кіршіксіз мөлдір махаббат, достық сезім, білім берген ұлағатты ұстаздарымыз – ағайлар, апайлар... Кездесуде осының барлығы санамызда жаңғырды, естеліктер ретінде тойхана төрінде әдемі әуендей қалықтады.

Той мұнымен бітпек емес. Осы кездесуден кейін де немере-шөберенің тойында, мерейтойларда бас қосып тұруға уағдаластық. Кездесу барда қоштасу да бар демекші, құрбы-құрдастар бала-шаға, немере-шөбере деп, қимай-қимай қоштасып, аяндап шығып бара жатты...

Берінің сөзі де, ойы да бір жерден шыққандай. Осы 72-73 жасқа келіп, амандықта жолыққанымызға шүкір, дедік.

55 жылдан кейінгі кездесу әсерлі сәттерімен есте қалды...

**Қалима ӘБДІРАХМАНОВА.**

Ленгір қаласы.

Сот актісін орындамау – бұл құқық бұзушылықтың бір түрі. Әрбір азамат немесе заңды тұлға соттың шешімін немесе өзге де сот актісін орындауға міндетті. Егер осы міндетті орындаудан бас тартатын болса, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексінің 669-бабына сәйкес, олар әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Бұл, әрине, құқық бұзушылықтың өте ауыр түрі болып табылады, өйткені сот шешімі – бұл тек жеке адамның, сонымен қатар мемлекет пен қоғамның да мүддесін қорғайтын акт.

Сот орындаушысының қаулысы мен заңды талапты орындамаудың салдары – Сот орындаушысының қаулысы мен басқа да заңды талаптарды орындамау ҚР ӘҚБтК 670-бабында қарастырылған. Бұл да құқық бұзушылық, және оны орындамау да әкімшілік жауапкершілікке әкеп соқтырады. Заңды талаптардың орындалмауы соттың күшін жоюға, дау-дамайдың шешіміне кедергі келтіруге және мемлекеттік тәртіпті бұзуға әкелуі мүмкін. Осы себепті, заңды талаптарды орындамаудың қоғамға және мемлекетке тигізетін әсері өте ауыр.

Сот актілерін орындамаудың салдары тек әкімшілік айыппұлмен шектелмейді. Әрине, сот актісін орындамау немесе сот орындаушысының талаптарын орындамау – бұл әкімшілік жауапкершілікті талап етеді. Бірақ, бұл тек айыппұлмен шектелмейді. Әкімшілік айыппұлды төлеу арқылы жағдайдың шешілуін күтуге болмайды. Бұл жағдайда жауапкершілік аясында белгілі бір мерзім ішінде міндетті талаптар орындалмаса, бұл кәсіби қызметке әсер етуі мүмкін, тіпті, қатаң жазалар да қарастырылған.

Яғни, Заңның талаптарды орындау – бұл алдын алуға болатын мәселе. Біріншіден, азаматтар мен ұйымдар соттың шешімдерін орындауға және құқықтық тәртіпке құрметпен қарауға міндетті. Екіншіден, заңды талаптарға сәйкес болу тек жеке тұлғалар үшін ғана

## Атқару құжатын орындамаудың жауапкершілігі

емес, сондай-ақ ұйымдар мен мемлекет үшін де аса маңызды. Әрбір адамның өз құқығын қорғау және оны жүзеге асыру үшін сот шешімін орындауы қажет. Осылайша, заңның құрметі мен сот актілерінің орынды орындалуы қоғамның құқықтық мәдениетінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Сот актілерін орындау – тек жеке тұлғалардың ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік қызметкерлер мен ұйымдардың да міндеті. Сот шешімдерін орындамау – бұл тек жеке тұлғалар үшін ғана емес, сондай-ақ кәсіпорындар мен мемлекеттік құрылымдар үшін де үлкен жауапкершілік. Құқықтық тәртіпті сақтау үшін барлық деңгейдегі қызметкерлер сот шешімдерін орындауға толық жауапты болуы тиіс. Заңды талаптарды орындамау елдегі құқықтық жүйені бұзуы мүмкін, және бұл мемлекетіміздің халықаралық беделіне де кері әсерін тигізуі мүмкін.

Қоғамдық тәртіпті сақтау үшін заңды талаптардың орындалуын бақылаудың маңызы зор. Сот орындаушылары мен құқық қорғау органдары осы бағытта белсенді жұмыс істейді. Бірақ азаматтар мен ұйымдар да өз тарапынан жауапкершілікті сезінуі қажет. Егер заңды талаптар орындалса, қоғамда құқықтық тәртіп орнап, халықтың заңға деген сенімі артады. Мемлекетіміздің құқықтық жүйесі тиімді жұмыс істесе, елімізде заңдылықты сақтау деңгейі де жоғары болады.

Сот актілерін орындау мәдениетін арттыру үшін ең бастысы – халыққа құқықтық білім беру. Заңды талаптардың маңыздылығын түсіндіру, сот актілерінің қоғамдағы рөлін жоғары бағалау – бұл мәдениеттің қалыптасуына негіз болады. Сонымен қатар, заңды



жауапкершілікті бұзу болып табылады, және мұндай жағдайлар көбіне жеке азаматтардың немесе ұйымдардың немқұрайлылығы мен заңды талаптарды елемейтіндігінен туындайды. Сондықтан, барлық заңды талаптарға сәйкес әрекет ету маңызды. Ал жалпы алғанда сот актілерін орындамаудың салдары өте ауыр. Қазақстан Республикасының заңнамасында бұл құқық бұзушылықтарға қатысты қатаң жауапкершілік қарастырылған, және әр азамат пен ұйым бұл жауапкершілікті түсініп, құқықтық тәртіпке құрметпен қарауы тиіс.

**ТУРЕХАНОВ Ерлан Орынбасарович,  
Түркістан облысының жеке сот  
орындаушысы.**



# Олжас!...

(Әссе)

**Әкем Семей қаласына барған сайын сөмке-сөмке кітаптар сатып әкелуші еді. Мен сол кітаптардың ортасына түсіп кетіп, шыға алмай, ұзақ күндер мен түндерде көз талғанша оқитынмын. Том-том қалың кітаптар арасынан, жұқалтым ғана кітапша қолыма жабыса кетті. Кітап сыртындағы жазу менің денемді дір еткізді. Олжас Сүлейменов «Аргамаки». Жұп-жұқа кітаптағы өлеңдерді бір сәтте жұтып қойдым. Қайта оқыдым. Тағы оқыдым. Өлең жолдары менің жанымды тулатты. Қызу қанды, ойлы, оқыс сөздер, менің миымды шайқады.**

Ақынның өлеңдері ол кезде орыс тілінде ғана еді. Орысшаға мен де, атам да жүйрік болатын. Атам Шыңғыстаудағы ашаршылықтан қашып, Семей қаласында ұзақ жыл ет комбинатында жұмыс істеген. Орыс ортасында тірлік жасаған. Деректі мақалада дерекке бағынғанды жөн көрдім. Айыпқа бұйырмаңыздар. Олжастың қазақша ойлаған сөздері орысша берілді.

*Эй, половецкий край,  
Ты табунами славен,  
Вон вороные бродят  
В ливнях сухой травы.  
Дай молодого коня,  
Жилы во мне играют,  
Я проскачу до края,  
Город и степь  
Накреныя.  
Ветер раздует  
Пламя  
В жаркой крови аргамака,  
Травы  
сгорят  
под ногами,  
Пыль  
И копытный цок.  
Твой аргамак узнает,  
Что такое  
атака,  
Бросим  
робким  
тропам  
Грохот копыт в лицо!..*

Үш қайтара оқыған соң, бүкіл өлең менің жадымда қалды. Мен өлең жолдарын жатқа айта бастадым. Көңілім түледі, жаным жадырады, көзге жас келді. Бұл бұрын-соңды болмаған қуатты жан тебіренісі еді.

«Арғымақ» жырын оқыған сайын көз алдыма Ер Төстік, Қамбар батыр мінген арғымақтар елестеді.

— Мектептен қалып қойып жүрме, — деді әкем.

Менің жұп-жұқа кітапшаны жұтып жіберердей болып отырғанымды сезімтал әкем тап басты. Ал мен мектептен де, ауылдан да, маған қарсы отырып алып көне Құран кітабын оқыған қатал атамнан да, қамқор әкемнен де алыста едім. Мен бөтен, белгісіз, ұранды халге түсіп жүре бергенмін. Олжас мені өзге қиырға, өзге әлемге әкетіп бара жатқан.

— Әке, мен бүгін мектепке бармаймын...

— Олжастың өлеңдері сенің жаныңды толқытты білем.

— Аспанға алып кетті. Менің көңілім көкті шарлап ұшып жүр. Ұшып жүр, әке...

— Мектепке бармасаң бармай-ақ қой, деді күлімсіреген әкем. Олжас ақын елдің аузына ілікті. Есті қазақтар қуанып жатыр. «Адамға табын, Жер енді» деген поэма-сы қолыма түспеді. Келесі жолы әкелемін. Жап-жас жігіт бүкіл әлемді дүр сілкіндірді. Қазір поэмасын Америка құрлығы да оқып жатыр деседі.

Атам Құранды маңдайына тосып, үш рет сүйіп, алқызыл сөтен дорбаға салды. Сонан соң, маған тесіле қарап отырып:

— Биттің қабығындай кітапшадағы өлеңдерді оқы! — деді салқын дауысымен.

Мен тізерлей отыра қалып, бірнеше жыл бойы жанымды баураған тосын есімді ақынның өлеңдерін оқи жөнелдім.

*...ты собаку ударил при мне,*

*чем собака тебя обидела?*

*Знай же —*

*не по моей вине*

*чабаны твой удар не видели.*

*Не положено бить*

*детей*

*и собак —*

*по закону степей.*

*Так поймёшь ли,*

*за что тебе*

*я, как волку, в глаза гляжу?*



— Сен өзі мына кітаптағы өлеңдерді жатқа оқып отырсың ғой.

— Ата, өлеңнің өзі жадыма жазылып жатыр. Таң қалып отырмын, ата.

— Менің зерек арғымағым, жарадың! — деп сүйсінді атам.

— Кітаптың аты да «Арғымақ».

— Бұл жас ақынның аты кім?..

— Олжас Сүлейменов.

— Тағы бір жырын оқы.

*Вблизи Чингизских гор его могила,*

*Исколотая жёлтыми цветами;*

*Голодными, немилыми, нагими*

*К могиле приходили на свиданье.*

*И пили, усмехаясь, горечь песен,*

*И, колыхаясь, колебались травы,*

*Цветы желтеют грустно,*

*Как трава...*

*Вблизи Чингизских гор его могила.*

Атам үнсіз. Мен оған таңырқай қарап қалыппын. Ал атам қалтасынан сүйек шақшасын алып, асықпай насыбайын атты.

— Бұл жігіт қанша жаста екен?

— Жиырмадан жаңа асыпты дейді.

— Жидебайда жерленген Абай атасын жырлаған. Екі-ақ ауыз өлеңге, қазақтың екі ғасырлық зарын сыйдырып жіберіпті. Қазақтың зарын зарлайтын ұл туған екен! Ана-Жерге Құдай жіберген арғымақ екен!.. — деп, сәл кідіріп үнсіз қалды да: — Сен тағы бір-екі күн мектепке барма. Менімен бірге Жидебайға жүр. Абай бабаңның басына барайық. Бабаңды еске алайық. Құран бағыштайық. Құдайға құлшылық жасайық. Мына жас ақынның болашағын тілейік. Тіл-көзден аман болсын. Әумин. Жүр жолға жиналайық. Жеңіл пәуескені дайындайық, — деп атам орнынан жеңіл тұрып кетті.

1975 жылы Олжас Сүлейменовтің ғылыми-танымдық «Аз и Я» кітабы жарыққа шықты. Бүкіл кеңес одағы дүр сілкінді. Бостандық аңсаған интеллигенция қалпақтарын аспанға лақтырды. Кеңес Одағы орнағанына 58 жыл өткенде барып, социализм орнатуға жан салған елде, тұңғыш рет ақиқат арқалаған сөздің шашуы шашылды. Ақиқат арқалаған ой тәу көкке көтеріле жөнелген.

Естерін өзер жиған билік, жарыққа шыққан «Аз и Я»-ны, зынданға салды. Жүз мың тиражбен шыққан кітапты туратты, өртеді. Озық ойды, озбыр билік барын салып тұншықтырды. Бірақ озық ой, ойлы адамдардың санасына еніп үлгеріп еді. Енді оны тұншықтыру мүмкін емес болатын.

Ақиқат ескен жалау жығылмады.

Ақын Олжас Сүлейменов «Аз и Я» кітабының оқырмандарынан он мыңнан астам хат алды. Әлемде ақын көп, бірақ кітабына он мың хат алған ақын Олжас қана. Сол хаттардың көбін Мәскеуде Олжекеңе өз қолыммен тапсырғанмын.

Бұл Олжас Сүлейменовтің жеңісі болатын.

Қазақ ұлтының да.

Озық ойлы адамзаттың да.

Сексенінші жылдары Олжас поэзия кітаптарын шығарғысы келіп алқынып-жұлқынған жоқ. Ол бүтіндей тіл туралы трилогиясы «Жазбалар тіліне» сапар шегіп кеткен. Мәскеуде кітаптары мүлдем шықпай қалған кез. Ал Кеңес одағындағы оқырмандар ақынның кітаптарын сұрап жататын.

Мен Мәскеудің «Художественная литература» баспасымен Олжастың үлкен поэзия кітабын шығаруды келістім.

Қоңыр кеште Мәскеуден Алматыға, Олжекеңе телефон соқтым. Кітап жөнінде айттым.

— Сол керек пе?.. — деп сұрады Олжас.

— Мәскеуде сіздің кітабыңыз шықпағалы талай болды — дедім.

— Сенің ойың қалай?..

— Шығару керек. Оқырман тосып отыр.

— Өзің біл, — деді Олжас. — Кітапты дайында, кейін мазмұнын көрсетерсің.

— Болсын. Бұл кітапқа алғысөз керек. Кімге жаздырамыз? — деп сұрадым.

— Старик, Алматыда түн, ал қазір мен бірінші ғасырда отырмын. Ал сен Мәскеуде XX ғасырда тұрсың.

Бұл әңгіме оған ұнамағанын сездім.

— Евгений Сидоровқа айтайын.

— Дұрыс. Сен оған дайын қолжазбаны апарып бер. Ал мен мына ғасырдың тақсиретінен құтылған соң, оған телефон соғамын. Ол досымыз ғой, — деді.

— Келістік, — дедім.

— Сау бол, — деді баритон дауыс. Ол қайтадан бірінші ғасырдың құмдарына белшесінен батып, Алматыда жалғыз қала берді.

Мен де Мәскеу деген шулы тас қалада жалғыз едім.

\*\*\*

Бір аптадан соң, Мәскеудің Әдебиет институтына бардым. Бұл институт қырық жастағы талантты жазушылар Анатолий Кимге, Владимир Личутинге және маған жеке әдеби шеберхана ашып берген. Бұл шеберханаларда прозашыларды оқытатынбыз. Менің шеберханамда прозашылар да, ақындар да, аудармашылар да тәлім алды. Бәрі Сібір халықтарының өкілдері еді. Өте қабілетті жастар болатын. Олар өз тілдерінде де, орыс тілінде де жаза беретін.

Шеберханадағы сабақ біткен соң, институт ректоры Евгений Сидоровқа кірдім. Өте талантты, өте сабырлы, өте білімді адам еді.

— Сөйле, Роллан.

— «Художественная литература» баспасында Олжас Сүлейменовтің бір томдығын шығармақпыз. Сол кітапқа сіз алғысөз жазсаңыз...

— Құда түсе келген екенсің ғой...

— Солай...

— Олжас қалай?

— Алматыда, бәрі жақсы.

— Кітапқа не кіреді?

— Таңдамалы өлеңдері мен «Қыш кітап» поэмасы.

— Евгений Александрович хатшы қызын шақырды.

— Бізге шай дайында.

— Қазір, Евгений Александрович.

— Онда әкел. Маған бұрыла қарап:

— «Қыш кітап» дұрыс таңдау. Әлемде жүз ұлы поэма болса, «Қыш кітап» соның бірі. Әлемдік классикаға енген дүлдүл жыр. Ол поэмасын Олжас қай жасында жазды?», — деп сұрады.

— Отыз жасында.

— Отыз жаста біздің мықтылардың қайсысы ұлы поэма жаза алды, а?.. Олжас адам ғой!

— Ниетіңізге рахмет, Евгений Александрович.

— Маған он күн уақыт бер.

— Қолжазбаны қалдырайын ба?

— Керек емес. Менің кітап сөрелерімде Олжастың барлық кітабы бар. «Аз и Я»-ны өзі сыйлаған. Қолтаңбасы бар. Мен сенің шеберханаңа бірінші курстың үш студентін жібермекпін. Олардың біреуі Ленинградтан, екеуі Мәскеуден. Түркі жырларымен, түркі дүниесімен айналыспақ.

Бұл ұмтылысты да дүниеге әкелген Олжас досымыз. Біз, орыстар Олжастың шығармашылық қуаты мен қасиетін танығымыз келмейді. Бұл өте қате пікір. Өрине бұл саясат. Дүниедегі ең басты нәрсе ақиқат пен өнер. Біздің санамыз өркендемесе, ақиқатты да, өнерді де жоғалтамыз.

— Ар-ұжданды өлтірдік қой.

Евгений Александрович маған сынай қарады, бірақ үндеген жоқ. Мұндай кабинетте сірә, оқыс ойларды айтуға болмаса керек.

— Сен әлі жассың ғой, — деді ректор.

Олжасқа сәлем айт. Маған сенім артқанына рахмет.

\*\*\*

Мәскеудегі Колонный залда КСРО Жазушылар одағы Мұхтар Әуезовтің 90 жылдық мерейтойын өткізді. Баяндамашы Олжас Сүлейменов болатын. Баяндама тың тынысты ойларға, салмақты, саликалы бірақ оқыс пікірлерге құрылған еді. Артық-ауыс сөз болған жоқ. Президиум разы. Жұрт қазақ әншілерінің концертіне қалды.

Олжас мені ертіп, «Мәскеу» қонақ үйіне келдік. Жол бойы ағамыз үндеген жоқ. Баяндама қалай болды, деп сұраған жоқ. Кемеңгер адам оны өзі де біледі. Елден сұрап не қылады? Баяндама туралы мен де ешнәрсе айтпадым. Олжекең әлдебір ойлардың тұңғығына түсіп кеткен. Үнсіз.

Бөлмеге кірген соң, сәл отырды да:

— Мұхтар Омарханұлы Әуезов туралы көңілімде жүрген бір ойды айта алмадым. Әлі де уақыты келмей жатыр, білем, — деді де, қайтадан сигарет қорабын ұстады. Мен жылдам оттықты жақтым.

— Сен ресторанның тамақ алдыр.

— Коньяк аламыз ба?

— Жоқ, қызыл шарап алдыр. Мен жуынайын. Телефонды көтерме. Бүгін ешкіммен сөйлескім келмейді, — деді.

Сол кеште телефонға тыным болмады. Бірақ Олжекең телефон трубкасын көтерген жоқ.

Ақынның көңілін аулау үшін мен көптеген сұрақ қойдым. Бұл сұрақтар әдебиет, өнер жөнінде болатын. Ара-арасында Олжекең текті қазақтар туралы, бабалары туралы, өз өмірі туралы да сыр пұшпағын ашып қойып отырды.

Олжас Сүлейменовтің қасында жиырма жыл жүргенімде, дәл сол кештегідей кең, еркін отырған сәттеріміз көп болды ғой. Қаншама сұрақ қойдым. Қаншама оқиға өтті, қаншама әңгіме айтылды. Сұрақ аясын, небір тақырыптарға бөліп тастап, бірнеше кітап жазуға болар еді-ау. Уақыт тапшылық етті ме, өмір легі



солай болды ма, әлде қазақы құнтсыздық бөгет етті ме, әлде жалқаулық кесір жасады ма, білмедім? Бүгін ойласам, кешірілмейтін кінә, дұрысы күнә. Кешірілмес күнә.

— Сен енді үйіңе қайта бер. Жақсы отырдық. Ертен демаламын. Мен үшін алаңдама. Жұмысқа бармай-ақ қой. Үйде жазуыңды жаза бер, — деді.

— Мұқаң туралы баяндамаңыз керемет болды, Олжас Омарұлы.

— Бір тілекті ойды айта алмадым. Айтуым керек еді, — деп мүдірді. — Пенде — уақыттың құлы... Ал нағыз адам, құл болмауы керек. Біздің қоғамдық құрылым біздің құл болуымызды қалайды.

Сөл үнсіз отырып барып қайта темекі тартты.

— Әдебиет тарихында автордың аты емес, ол жазған кітаптың аты қалуға тиіс. Ақиқат сонда жатыр, бауырым.

«Война и мир», «Гамлет», «Мадам Бовари», «Қарасөз», «Абай жолы»... «Жүз жылдық жалғыздық», «Старик и море»...

Мен үйге келген соң, Олжекең атаған ұлы кітаптардың аттарын жалғастырдым.

«Илиада», «Махабхарата», «Бесы», «Шум и ярость», «Великий Гэтсби», «Қыш кітап»...

Бұл ұзақ тізім еді...

\*\*\*

КСРО Жазушылар одағының кезекті бір пленумында Мәскеудегі атақты әдебиетшілер үйінің үлкен ресторандағы ортадағы столда Олжас Сүлейменов, Тәжікстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Мумин Каноат, Қазақстан Жазушылар одағының бірінші хатшысы Әнуар Әлімжанов және мен отырғанбыз.

Пленум енді ғана біткен, тамақ ішуге келген адамдар шірет тосып қалып еді. Сол шіретте тәжіктің атақты ақыны, Мұхтар Әуезовтің досы Мирзо Турсынзаде, қырғыздың ақсақалы Аалы Тоқамбаев, елге әйгілі Расул Ғамзатов пен Қайсын Кулиев бар еді.

— Мирзо Муалим шіретте тұрып қалыпты. Орын босатайық, — деді Олжас. Бәріміз орнымыздан тұрдық. Олжас тәжіктің ақсақалына басын изеп амандасты да:

— Муалим, жүріңіз, біздің орнымызға отырыңыз, — деді.

— Бекер әуре болдыңдар ғой, — деді.

Қашанда қалжың айтатын Расул Ғамзатов:

— Олжас, ішетін дүниені атап па едіңдер?.. — деді орындыққа отырып жатып.

— Екі бөтелке коньяк айтқанбыз.

— Көргенді жастарды дайындаған екенбіз, — деді Расул Мирза Турсын-задеға қарап: — Сөндерге үшеуін қалдырамыз, Олжас.

Біздің ақсақалдарға орын бергенімізді көрген орыстың атақты ақыны Евгений Евтушенко қатты дауыстады:

— Азия, ақсақалдарына орын беріп жатыр. Орыс шалдары шіретте тұр. Ал көсемсіген біз отырмыз. Шығыс — көне халық. Көне мәдениет, ілгері салт-дәстүр... Құр арақ ішкенше, мыналардан үйрену керек қой, — деді де стаканына толтыра арақ құйып, аузына төңкере салды.

Біз ресторанның шыға бергенде, соңымызға Грузия Жазушылар одағының бірінші хатшысы Нодар Думбадзе ілескен.

Евгений Евтушенко бізге қолын көтеріп:

— Прощай, Азия! — деп дауыстады.

Сонда Нодар Думбадзе ойланбастан, артына да бұрылмастан:

— Прощай, немытая Россия! — деп ресторанның шыға берді.

Ресторандағы халық ду күлді.

\*\*\*

XX ғасырдағы қазақ жырының арғымағы — Олжас Сүлейменов.

«Қыш кітап» әлемнің ең үздік дастандарының қатарына жатады.

«Аз и Я», «Жазбалар тілі» — ғасырлар ақиқатын арқалаған алып кітаптар.

Олжас Сүлейменов — адамзат баласының ой-толғамындағы теңдесі жоқ құбылыс.

Олжас Сүлейменов — менің өмірдегі де, өнердегі де ұстазым!

Олжас Сүлейменов — өмірін де, өнерін де, өзгені де сатпаған қазақ.

Олжас Сүлейменов — жан баласының алдында бас имеген қазақ. Жалынбады. Жалбарынбады. Тура сөйледі. Тура тіршілік жасады. Сабырлы, салмақты, от жүректі тұлға боп өмір сүрді.

Оның адами, әдеби мектебі Дешті-қыпшақ даласында жоғалмасын!

Түркі әлемі үшін, үзілуге еш хақысы жоқ, түркі руханиятына жол салған асқақ ақынның өмірі ұзақ болуын тілеймін.

Қазақтың өз-өзін іздеген рухани сапары да таусылмасын!

Дешті-қыпшақтың жанартаулары қазақтың қанын ойнатсын, жанын өркендетсін, намысын көтерсін, рухын аспандатсын.

Жанартауларымыз жанып тұрсын!

Жанып тұрған жанартауларымызды Қазақ елі көруге, тануға, ұғуға, бағалауға жандарын салсын!

Дара болсаң, Олжастай бол!

Дана болсаң, Олжастай бол!

**Роллан СЕЙСЕНБАЕВ.**

*Egemen Qazaqstan.*

## Қазақтың киелі домбырасы ұлықталды

Ұлттық домбыра күніне орай аудандық мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Домбыра — халқымыздың мұрасы» атты бейне чөллендж өткізілді.

Ұлттық құндылықтарды ұлықтауға арналған шараға аудан өнерпаздары белсене қатысып, ел ішінде кеңінен танымал Құрманғазының «Балбырауын» күйін нақышына келтіре орындап, қазақтың киелі домбырасын ұлықтады.

Бұл бастама ұлттық өнерді дәріптеуге, жас буынның дәстүрлі музыкаға деген қызығушылығын арттыруға бағытталды. Домбыра үнімен басталған бейне чөллендж әлеуметтік желі арқылы кең таралып, көпшіліктің оң бағасына



ие болды.

Шара соңында ұйымдастырушылар домбыра — ұлттың рухани коды, өткені мен бүгінін жалғаушы

алтын көпір екенін атап өтті.

Айта кетейік, бұл мереке 2018 жылдан бері аталып өтуде.

**«Төлеби-ақпарат».**

## Бесаспап медбике



«Біркөлік» оңалту-сауықтыру орталығының 2-корпусында ауруханалар мен емханалар тарапынан берілген жолдамамен келуші аурулар емделеді. Мұнда жүйке, жүрек аурулары, инсульт алғандар жатып, әр түрлі емдік шаралар қабылдайды. Оларға 3 дәрігер, 15 шақты медбике қызмет көрсетеді. Осы корпусстың аға медбикесі Айнұр Үсенбековадан өз ісіне ұқыпты, тәжірибелі, көптің алғысына бөленген медбикелердің есімін атауды өтіндік. Ол көп ойланбастан, Гүлмира Мауланова мен Алтынай Сапайдың есімдерін атады.

Медбике Гүлмира Мауланованы жұмыс басынан кездестірдік. Ол фитобөшке бөлімінде жұмыс істейді екен. Біз барғанда бұғы мүйізінің қайнатпа сорпасы мен бұғы қанын дайындап, ем қабылдаушыны фитобөшкеге түсіріп жатты. Белгілі мерзім өткеннен кейін емделушіні бөшкеден шығарып, халат кигізіп, жылы төсекке жатқызып, көрпе жауып, жан-жағын қымтап қойды.

— Жарты сағаттай тырп етпей жатыңыз. Шөлдесеңіз, фитошай дайын, — деді медбике.

Содан кейін бізбен әңгімеге араласты. Өз қызметінің ерекшелігімен таныстырды.

— Фитобөшке ваннасымен емдейтін шикізат, яғни бұғы мүйізі мен қаны Шығыс Қазақстан облысындағы Тарбағатай ауданы Катонқарағайдағы марал өсіретін шаруашылықтан алдырылады. Енді біздің орталықтың емделушілері Катонқарағайға бармай-ақ, осында емделуге мүмкіндік алады, — дейді медбике. Мұндағы емдеудің мән-жайымен таныстырды. Көбіне тұла бойы суықтаған, аяқ-қолы, белі тізесі қақсағандар, құяңы бар аурулар емделеді екен.

Осы бір елгезек, көпшіл Гүлмира Мауланованың еңбек жолымен де таныстық. Ол — осы ауданның тумасы. 1975 жылы Жаңажол ауылында туған. 1989 жылы Жаңажол мектебін бітірген соң, Ленгір

қаласындағы медучилищеге оқуға түсіп, оның жалпы медбике бөлімін бітіріп шығады. Алғашқы еңбек жолын 1993 жылы 1 Мамыр балалар үйінде медбике болып бастайды. Онда ол балаларды емдеудің, олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын үйренеді. Біраз жылдар Ленгір қаласындағы ауруханада еңбек жолын ары қарай жалғастырады. Осында өз мамандығының қырсырын жетілдіру үшін көп ізденеді. Тәжірибелі мамандардан тәлім-тәрбие алады.

2003 жылы Біркөлектегі шипажайға медбике болып орналасады. Содан бері ол осында жұмыс істеп келеді. Осылайша ай, жыл зымырап өте шығыпты. Оның алдынан жүздеген адамдар ем қабылдап, сауығып, елдеріне қайтып жатты. Осы жылдар аралығында ол ваннада, физкабинетте, парафинде, токпен емдеуде, тұз шахтасында, ингаляцияда тағы басқа бөлімдерде жұмыс істеді. Арасында кезекші медбике қызметін атқарғаны да бар. Яғни, оны бесаспап медбике дерсің. Сол бөлімдердегі аппараттарының, құрылғыларының тілін бес саусақтай меңгеріп алды.

Заман талабына сай медицина саласы дамыды. Медицинаға жаңа технологиялар, жаңа аппараттар, қондырғылар, әлемдік озық емдеу тәсілдері енгізіліп жатты. Шипажай да өмірден қалып қоймау үшін озық аппараттарды, қондырғыларды алдырып, емдеу ісінде қолдана бастады.

Сондай технологияның жетілген түрі Ресейден «Омыртқаны созу», грыжаны (жарықты) емдеу, омыртқаны су астында тарту секілді күрделі аппарат алдырылды. Оны меңгеру үшін шипажай басшысы Г.Мауланованы Алматыдағы білім жетілдіру курсына оқуға жібереді. Онда ол аппараттың, онымен жұмыс істеудің әдіс-тәсілдерін үйреніп қайтады. Бүгінде осы бөлімде жұмыс істейді. Омыртқасына зақым келген емделушілерді емдейді. Бұл үшін оларға алдын-ала сақтандыру жолдарын түсіндіреді. Аурудан жаны қиналып, азап шеккен жандардың жан дүниесін жақсы түсініп, олардың ауруынан сауығып кетуіне барлық жағдай қарастырады. Арасында олардың көңілін көтеріп, әзілдеп те қояды. Өзінен ем қабылдаушыларды әлсіз, осал жандарды басқа бөлімге жеткізіп те салады. Өзінен толық емдеу курсынан өткен емделушілерді алдағы өмірінде сақтанып, күтініп жүруді асықпай түсіндіріп жатады.

Гүлмира Мауланова — өз мамандығының нағыз білгірі. Оны бес саусақтай жақсы біледі. Емделушілердің жан дүниесін, ішкі күйзелісін түсініп, оны жеңілдетуге тырысып, бар көмегін аямайды.

Гүлмира — жоғары санатты медбике. Бүгінде Құдай қосқан жұбайы Ерғали екеуі 2 ұл тәрбиелеп өсірді. Балалары да еңбекқор, тәрбиелі боп өсті. Қарапайым мамандық иелері. Үлкен ұлы — Сатыбалды Ербол Астана қаласындағы үлкен құрылыс компаниясында «КамАЗ» жүргізушісі болып жұмыс істейді. Кіші ұлы Жангелді де Астанадағы бір компанияда құрылысшы. Екі келін түсірген. Олардан немере сүйіп отыр. Осындай адал еңбегі үшін ол мекеменің Алғыс хатымен, аудандық, облыстық денсаулық сақтау басқармасының грамоталарымен бірнеше рет марапатталды.

Гүлмира Мауланова секілді медицина қызметкерлері «Біркөлік» оңалту-сауықтыру орталығының атақ-даңқын аспандатып, атын шығарып, еліміздің түкпір-түкпірінен емделушілер, демалушылар қатарының көбеюіне, денсаулықтарын жақсартып қайтуында үлестері мол.

**К.ЕЛІКБАЕВ.**



# Жетінші палата, үш қария және мен

## ● Өмірдің өзі

Осыдан көп жыл бұрын қатты сырқаттанып қалып облыстық аурухананың ота жасайтын бөлімінде ем қабылдадым. Төрт адамдық палатадағы жасы келген үш қарияның жанына төртінші етіп мені жайғастырды. Жасы үлкен кісілермен сәлемдесіп, кіші болған соң кішілік ізетімді көрсеттім. Өлгі қарттардың екеуінің жүріс-тұрысына дейін сырбаз, кезінде жауапты қызмет атқарғаны айтпаса да, көрер көзге білініп тұр. Ал үшіншісінің өлгі екеуінен қимыл-қозғалысына дейін өзгеше, кезінде қатардағы қарапайым еңбеккер болғаны анық аңғарылады. Ішкі құрылысым, асқазаным көптен бері ауырып маза бермей қатты қиналып жүргенмін. Ауруханаға түскен соң дәрігерлер ауызға шланга салып әбден қинап, әурелеп, тексерген болды, алайда бар кінәрат асқазанда деген күдіктерін нақтылап, анықтай алмады. «Адам сөйлескенше, ат кісінескенше» дегендей, бір күн өтпей-ақ өлгі үш қариямен тіл табысқандай болдым.

Қарапайым қария Шымкентке тиіп тұрған ауылдан екен. Ал кезінде шен мен шекпеннен кенде болмаған екі сырбаз қария осыдан көп жыл бұрын батыстағы облыстардан қызмет бабымен Оңтүстікке қоныс аударып келіп, тұрақтап қалыпты. Не дегенмен де екеуінің қазақшаға қарағанда орысшасы басымдау болғанымен, біздің жақтың адамдарының қазақы мінезі өлгі екі қарттың бойына сіңе бастағаны сөйлеген сөздерінен сезіледі.

Аурухана ауласына шығып, орындықта емделіп жатқан бірнеше сырқатпен бірге темекі тартып, әңгімелесіп отыр едім, жақын маңнан өтіп бара жатқан ақ халатты дәрігерлердің бірі маған бұрылып қарады да, кідіріп қалды, сосын бізге қарай жақындады. Мен өлгі дәрігерге онша мән бере қоймадым, ауруханадағы ақ халаттылардың бірі болар деп ойлады. Тіпті жанымызға жақын келгенге дейін оншалықты мән берген жоқпын.

– Сен, Балтабай емессің бе? – деді ол маған.

– Иә, аға, Балтабаймын, дедім бұрылып қарап. Сөйтсем, өзімізге жақын туыс болып келетін бізден бес-алты жас үлкендігі бар Әлімқұл ағам екен. Көрмегелі көп жыл болған. Ұзынқұлақтан Алматыдағы медицина институтын бітіріп, Шымкенттегі ауруханалардың бірінде оташы дәрігер болып қызмет істейді деп естігенмін.

– Көке, сізсіз бе, байқамай қалдым, айып етпеңіз, – деп кешірім сұрадым.

– Ауырып қалғансың ба? Қай бөлімде жатсың, жағдайың қалай? – деп бауырмалдық танытып жатыр.

– Ота бөлімінде, асқазаным маза бермей ауруханаға түсіп қалдым, – дедім мен.

– Менімен хабарласпадың ба? Мейлі, жақсы, сауығып кет, жағдайыңды дәрігеріңнен сұрап білермін, – деп ауыл-елдің амандығын сұрап болып бұрылып кетті.

Қол бос, істейтін тірлігің жоқ болғаннан кейін палаталастар газет, журнал, кітап парақтағаннан жалыққанда, бір-бірімізбен әңгіме-дүкен құрып, сыр шертісетіндей жағдайға жеттік. Еңселі бойлы, әлі де болса қарттыққа мойынұсына қоймаған Өмір қария кеңестік дәуірде мемлекеттік қауіпсіздік қызметінде жұмыс істеп, полковник шенімен запасқа – зейнеткерлікке шығыпты. Ал екіншісі Керімбек қария кезінде облыстағы құрылыс мекемелеріне басшылық жасапты, Қазақстанның кейбір облыстарында құрылыс саласында жауапты қызметтер атқарыпты. Ал үшінші қарт Құлажан Шымкенттің қорғасын зауытында ұзақ жылдар бойы қарапайым жұмысшы болып, қорғасын балқытыпты.

Өмір және Керімбек қария және мен күні бойы кітап оқып, газет-журнал парақтаймыз. Қорғасын құйған Құлажан қария «Замана» газетін ғана парақтайды. Барлық бетін ақтарып болған соң шетімізден көз жүгіртіп қарап қойып, теріс бұрылып жатады, сосын шыдамы таусылған соң орнынан тұрады да, бізге тағы бір қарап қойып, сыртқа шығып кетеді немесе көрші палаталардың біріне барып көзтаныстарымен әңгімелесіп қайтады.

Құлажан қарияның көңілін сұрап келушілер күн сайын таңертеңнен қара кешке дейін толастамайды. Әйелі екеуі он бес ұл мен қыз тәрбиелеп өсіріпті. Бәрі де дін аман, шаңырақ көтеріп, өз алдына үй болып кеткен. Қазқы дәстүрмен кенже ұлын қара шаңырақта алып қалыпты. Ұлдары мен қыздары, есейіп кеткен немерелері, құда-жекжаттары, көршілері, сыйлас болған қатарластары дегендей, Құлажан қарияның жағдайын біліп, сәлем-сауқат әкелушілер легі бірінен соң бірі кезекке тұрғандай күн сайын үзілмей жалғаса береді. Әрқайсысы жеміс-жидектерден бастап неше түрлі тағамдар дайындап алып келеді. Алғашқы күндері аздап ыңғайсызданғанмызбен кейіннен бәріміз ортақ дастарқанда арқа-жарқа болып отыратындай жағдайға жеттік. Заманында түкірген түкірігі жерге түспеген екі қария да бізге қосылып, бір-бірімізге біртіндеп бауыр басып кеттік. Билік тізгінін ұстаған қариялар сонау жылдардан бері бойына жұқтырған төкаппарлықты ұмыта бастағандай, өткен өмір жолдарының кейбір сәттерін еске түсіріп, арасында шерлерін тарқатып алады.

Маған да күн сайын өзара келісіп алғандай ағайын мен туыстардың, сыйластардың бірі көңіл сұрауға келіп тұрады. Өмір қарияға араға екі-үш күнді салып барып бір сары жігіт қана бір-екі шөлмек сусынымен, базардың тоқашымен және оны-мұнысымен келіп, қарасын көрсетіп кетеді. Өлгі сары сапалақ туған қайыны екен, бала кезінен қолына алып бауырына басыпты, үйлендіріпті, бір

шаңырақта тұрады. Өз кіндігінен перзент жоқ.

Керімбек қарияға келсек, ол кең сарайдай үйінде бір өзі соқа басы сопыйып жалғыз тұрады. Әйелі осыдан бес-алты жыл бұрын марқұм болып кеткен. Өліге дейін тұрмыс құрмаған жалғыз қызы жоғары оқу орнын бітірген соң Алматыда тұрақтап қалыпты. Әкесімен жиі хабарласып тұрады. Жалдаған күтушісі қызметін көрсетіп, кір-қоңын жуып, тамағын пісіреді. Сол күтушісі ғана аптасына бірнеше рет келіп, қарияның қажеттерін өкеліп беріп кетеді. Екі қарияның ағайын мен тусытарының, құда-жекжаттарының, сыйлас дос-жарандарының, көршілерінің, кезінде қызметтес болғандардың арасынан бірі келіп көңілін сұрап, қарасын көрсеткенін байқамадым.

Таңертең емдеуші дәрігерлер әдеттегідей әр палатаға кіріп («обход жасап») науқастардың жағдайын тексеріп, білуге келгенде, ота жасау бөлімінің меңгерушісі, кәріс ұлтының өкілі Владимир Кан маған:

– Әлімқұл дәрігер саған кім болып келеді, қандай жақындығы бар? – деді.

– Жақын туыс ағам болады, – дедім мен. Екі арада басқа артық ауыз сөз болмады. Бұл қысқа әңгімеден соң мен Әлімқұл ағаның емдеуші дәрігеріме келіп жолығып, жағдайымды сұрап біліп кеткенін бірден түсіндім. Келесі күні таңертең тамақ алдында екі медбике келді де, мені ауыр сырқаттарды шалқасынан жатқызып салып алатын арбасына салды да, алды да кетті.

– Қайда? – деймін мен олардың мұнысына таңданып.

– Қайда болушы еді? Операция бөлмесіне де, – деді олардың бірі.

– Қандай операция? – деймін мен түкке де түсінбей.

– Сізге операция жасайтынын өзіңіз де білмейсіз бе? – дейді таңданып екіншісі. Содан не керек анадан туғандай етіп тыр жалаңаш шешіндіріп тастап сұп-суық тағы бір жылжымалы кереуетке жатқызды да операция бөлмесіне қарай сүйрей жөнелді. Өлгі темір кереуетте бірер минут жаттым. Үстіме жамылғы жапқандай болғанымен суық өтіп барады. Операция бөлмесінде бөлім меңгерушісі оташы кәріс дәрігер кіндігімнің бір жағынан ине шаншыған соң бүкіл денем ұйып сала берді. Әрі қарай өңім немесе түсім екендігін онша аңғара алмадым, қарнымды аздап тілгенін, бәрін сезіп жатырмын.

Есімді жиганда, екі медбике жанымда тұр екен. Еш жерім ауырмайтын сияқты. Тағы да мені жатқызған жылжымалы кереуетті дырылдатып сүйрей жөнелді.

– Қайда? – деймін мен.

– Қайда болушы еді, палатаңызға алып барып қайта жатқызамыз, – деді. Олардың сөздеріне, жансақтау бөліміне жатқызбағандарына қарағанда, маған жеңіл-желпі ота жасаған сияқты.

– Сіздің ешкіміңіз жоқ па? – деді медбикелердің бірі.

– Ешкімі жоғы қалай? – дедім мен өлгі медбике қыздың сұрағына таң қалып.

– Сізге операция жасап жатқанда ағайын-туыстарыңыздың бірі де келмеді ғой, – деді ол.

– Ешқайсысы естімесе, тіпті өзім де білмесем, қайдан келсін? – дедім мен.

Кереуетте шалқамнан жатқан едім палатаға үлкен қарындасымның күйеуі келді. Сәлемдесіп, есендік-саулық сұрасып болған соң:

– Бұл не жатыс, тұрыңыз төменде апам күтіп тұр, жағдайыңызды білуге ауылдан келіпті, – деді.

– Төменге түсе алмаймын, тұруға болмайды, жаңа ғана отадан шықтым, – дедім мен.

– Отасы несі, бізге неге айтпағансыз?! – деп ол кері бұрылып сыртқа шығып кетті. Бірер минуттан соң палатаға: «Балам-ау, амансың ба?!», деп екі көзінен пора-пора жас ағып апам кірді.

– Жыламаңыз, апа, бәрі жақсы, жәй әншейін дәрігерлер ішімнің неге ауыратынын білгісі келіп ашып көрді де қайтадан жауып қойды, – дедім мен әзілге бұрып.

Төсекте таңылып жатпай келесі күні орнымнан тұрып кеттім. Дәрігерлерлер асқазанда жара бар ма деп күдіктенген екен таза болып шығыпты. Мұны палатаға жағдайымды білуге келген Әлімқұл ағамнан білдім.

Күн санап қариялармен әңгімем жараса түсіп, оңашада менімен әңгімелесіп шерлерін тарқатып алатын болды.

– Москвада жоғары оқу орнын бітірген соң қазақтың қыздарын мәнсінебей татардың бір сұлу қызының соңынан қалмай үйленіп алғанымда енді бүгін қартайғанымда қатты өкінемін. Жас кезімде перзент сүймегеніме онша өкіне қоймайтынмын, енді бәрі біліне бастады. Менде араласатын етжақын ағайын мен туыс та жоқ. Әйелімнің інісінің баласын жас кезінде қолымызға алғанбыз. Ол қаншалықты тәрбиелегенімізбен, оқу оқып та, білім алып та жарытпады. Бір жерде тұрақтап жұмыс істеген емес. Соңында өміріңді жалғайтын, өлген соң артыңнан құран бағыштап отыратын ұрпақ қалмаса, қызмет те, байлық та адамға бақыт әкелмейді екен. Мұны жас келген соң барып ұқтым. Өз ұлтымыздың қызына үйленбегеніме, қателік жасағанымда енді өкініп жүрмін, – деп Өмір қария мұңын шағып алады.

Керімбек қария кезінде Ереванда техникалық жоғары оқу орнын бітіріпті. Елге қайтарда құрқоп қайтпай, армияның бір қызын қолтықтай келіпті, үйленіп, отау тігіпті. Әйелі құрсақ көтермей жүріп, көп жылдан кейін жалғыз қыз перзент сүйіпті. Ұл балалы болу арманға айналып қала беріпті.

– Кезінде өзім қалағанымдай жақсы өмір сүрдім, Қырымның және басқа жақтың курорттарына әйеліміз

екеуіміз жиі барып тұрдық. Құрылыс саласында жұмыс істеген соң кезінде жағдай барда кең сарайдай етіп өз қаржыма зәулім үй де салдым. Тексерушілер бірнеше рет келіп, ілік тапқысы келіп әурелеп көрген еді, сатып алған шегеме дейін магазиннің чегін алып сақтап қойғандықтан, нақақтан нақақ жала жаба алмады. Егер жер алып, үй салатын болсаң, мені шақыр, сызбасын өзім сызып, құрылыстың басы-қасында өзім боламын, не дегенмен де құрылысшы атым бар емес пе? Әйелім қайтыс болғаннан кейін жалғызсырап қалдым. Енді бүгін жас кезімде қазақтың қызына үйленбегеніме қатты өкінемін. Араласатын ағайын-туыс алыста қалды. Олар бүгінде мені мүлдем ұмытып та кеткен болар. Інім, бойда әлі де болса қуат бар. Ауылда жесір қалған қазақы, мейірімді әйел болса, ойланбастан қайта үйленер едім. Маған ізімді басар бір перзент тауып берсе, үй-жайымды, өмір бойы бар тапқанымды соларға қалдырар едім, – деп бір ауыр күрсініп алды.

Ота бөлімінде көбіне түрлі себеппен жарақат алып, дене мүшелері сынғандар, соқыр ішектен бастап неше түрлі ота жасалған сырқаттар жататын өте ауыр бөлім. Кім де болсын мұндағы дәрігерлерге үлкен үміт артып келеді. Көрші палатада жататын Шардара жақтың бір қариясы отадан соң жүзі нұрланып, енді біржола сауығып кететін болдым деп тым көңілді жүрді. Сол қариямен палаталас сырқаттардың бірінің аузынан: «Бейшараның аз күндік өмірі қалды, бауыры түгел іріп кеткен екен. Өзі дәрігерлерге қояр да қоймай өтініш айтып ота жасатты. Көңілі үшін ота жасаған болып, қарнын тілген сыңай танытып, қайта тігіп қойыпты. Қолдан келер басқа шара болмапты», – деп айтқанын естігенімде тұла бойым мұздап, дөнем түршігіп кетті.

Ауруханадан шыққаннан кейін бір ай өткенде кешкілік есіктің қоңырауы сылдыр қаққан соң сыртқа шықсам, Керімбек қария тұр. Біздің үйге арнайы келіп, жақынырақ танысқысы келіпті. Дастарханамыздан дәм татып, әңгіме-дүкен құрып, үйге қонып, риза болып, келесі күні аттанып кетті. Содан кейін қайта жолыққан жоқпыз.

Құлажан қария бір күні сыртта, аурухана ауласында оңашада отырғанымызда, будан бұрын тірі пендеге тіс жарып көрмеген, тіпті әйелі мен балалары да білмейтін бір құпия сырын ақтарып салды. «Мен ашаршылық жылдары жастай ата-анамнан, бірге туған бауырларымның бәрінен айырылып жалғыз қалдым. Біреулер жетім балалар үйіне тапсырған еді, одан да ретін тауып қашып кеттім. Күнкөріс қамымен кісі есігінде жұмыс істедім. Күн сайын кешке дейін сауда-саттық жасаушыларға көмектескен болып, Шымкенттің қырғы базарынан шықпайтынмын. Қарны аштық, өлместің қамын жасау үшін неге алып бармайды дейсің, негізгі кәсібім ұрлық болды. Ұрлық болғанда қалтаға түсетін ұры едім. Менің бағыма өмірімде қаншама рет қалтаға қол салсам да, бір рет те ұсталып қалған да, төртіп сақшыларының қолына түскен де емеспін. Кейіннен Шымкенттегі қорғасын заводына жұмысқа тұрдым, табысым жақсы болды. Ашқұрсақ қарын тойына бастады. Бірақ әдетке айналып кеткендіктен, қанша тырыссам да, ұрлық жасауды қоя алмадым. Завод жұмысшылары айлық жалақыларын алған күні үйлеріне қайтарда автобусқа отырғанда, талайының ақшасын білдірмей сыпырып алатынмын. Кім ақшасын қайда салғанын өзіме де беймәлім бір түйсікпен сезіп қоятынмын.

Уақыт өте өзіме таныс бойжеткендердің біріне үйленіп, отбасын құрдым. Өке-шешесі менің тас жетім екенімді есітіп, әуел баста қарсылық білдірді. Қызы айтқанынан қайтпағаннан кейін амалы жоқтықтан келісуіне тура келді. Кейіннен ата-енем мені жақынырақ танып, білген соң туған баласындай жақын тартып кетті. Қолымнан көп іс келетін. Қол боста қайын жұрттың шаруасына қолдан келгенше жәрдемдестім.

Балалар өсіп, мектепке бара бастады. Бала кезде айырылып қалған ет жақын ағайын-туыстар мені өздері іздеп келіп қайта табыстық. Енді ұрлық жасап қолға түсіп қалсам, ең алдымен әйелімнің, балаларымның, туған-туыстардың, көршілердің алдында ұятқа қалатынымды, бар абыройымнан айырылып, сотталғаннан да ауыр жаза тартатынымды білдім. Сондықтан ұрлық жасап, қалтаға түсуді біржола қойдым. Бұл жат әдеттен біржола қолтасқанымға көп жыл өтті. Аталарымыздың «Ауру қалса да, әдет қалмайды» деп айтқаны құп рас екен. Қазір де қала ішінде автобусқа отырғанымда, қоғамдық орындарда болғанымда кімнің ақшасы қай жерде тұрғанын, қай қалтасына салғанын сырттай қарап-ақ сезіп, біліп қоямын. Мен үшін мұндай қиын сәтте ұры оң қолымды сол қолыммен мықтап қатты ұстап тұрамын. Олай етпесем, ұры қолым менің еркіме бағынбай өлгі адамның қалтасына зып өтіп қалай барып қалғанын өзім де аңғармай қаламын. Бұл сырды бүгін саған ғана айтқан соң бір жеңілдеп қалғандаймын. Біліп-білмей істеген мұндай күнәларымды ана дүниеге барғанымда жаратқан Ием – Алла Тағалам кешірер...

Құлажан қария көптен бері жүрегінде шөмен болып қатқан, өзінен өзге тірі жан білмейтін бір құпия сырын маған ақтарып салды...

... Жетінші палатада үш қариямен бірге ем қабылдағалы бері қырық жылдай уақыт зулап өте шығыпты. Үш жаста – үш тағдыр. Сол кездері олардың жасы жетпіс жастан асып қалған болатын. Бүгінде сол үш тағдырдың үшеуі де арамызда жоқ екені, мәңгілік мекендеріне аттанып кеткені айдан анық. Алайда осы үш бейне менің жадымда күні кешегідей қаз қалпында сақталып қалыпты.

**Орынбасар СҮТТІБАЙ.**



● 10 шілде – Ветеринария қызметкерлерінің күні



10 шілде – Ветеринария қызметкерлерінің күні елімізде мал шаруашылығы мен ауыл шаруашылығы саласындағы мамандардың еңбегін құрметтеу күні ретінде аталып өтеді. Осы мерекеге орай Аққұм ауылдық округіне қарасты

## Мақсаты – халыққа пайдасын тигізу

Момынай ауылының ветеринары Әбдіров Орынбек Әнуарұлы жайлы сөз қозғауды жөн көрдік.

Орынбек Әнуарұлы – өз ісіне адал, еңбекқор, жауапкершілігі зор, өз ісінің маманы. Ол мал арасында аурудың алдын алу, вакцинация жүргізу, қауіпті індеттерді дер кезінде анықтау және емдеу жұмыстарында кәсіби біліктілігімен танылып келеді. Көпжылдық тәжірибесі мен білімі арқасында ауыл тұрғындарының сеніміне ие.

Ауылдағы әрбір шаруа, әрбір отбасы төрт түлік малдың жағдайын тап осы кісіге сеніп тапсырады. Малдың ауруын дер кезінде анықтап, нақты диагноз қойып, уақытылы ем тағайындауы – оның күнделікті қызметінің бір бөлшегі ғана.

Мал дәрігері ретінде ветеринарлық қызметпен қатар, жас мамандарға үлгі боларлық тәрбие көрсетіп, білгенін бөлісуден жалыққан емес.

Орынбек Әнуарұлы Момынай ауылында туып-өскен. 1991 жылы Қап-лан-

бектегі зооветеринарлық техникумды мал дәрігері мамандығы бойынша бітірген. Сол уақыттан бері осы салада тер төгіп келеді.

Ауыл ветеринары күн-түн демей, қыстың боранына, жаздың аптабына қарамай, тұрғындардың шақыртуына жедел жетіп, қолынан келгенін аянбай, төрт түліктің жағдайын жасайды. Бірі малын төлдетуге, екіншісі малының көнеттен ауырып, жатып қалғанын, я болмаса жарақат алғанын айтып, тағы да басқа себептермен хабарласып, көмек сұрап жатады. Көктем шығысымен ауыл аралап, қора-қопсыны дезинфекциялап, малды дәрілеумен айналысатын мал дәрігерінің жұмысы көктем-жаз мезгілінде қыза түседі. Үй жануарларына уақытылы екпесін егеді, сараптамаға қанын алады, тағы сол сияқты шаруалар кезегімен күтіп тұрады.

«Мақсатым өзіме жүктелген міндетіме тиянақты қарап, ауыл халқының алғысын алып, пайдамды тигізу. Жастайымнан төрт түлікке қарап, ауру белгілерін

анықтап, оны қалай жазуға болатынын үйреніп, қызығып өстім, – дейді Орынбек Әнуарұлы. – Уақыт бір орында тұрмайды. Ветеринария саласында да жаңашылдықтар енгізілуде. Солардан мақұрым қалмай, білімімізді жетілдіріп, өз ісінің нағыз маманы атанғанға не жетсін! Алдағы уақытта да білім-білігімді халықтың игілігіне жұмсай бермекпін. Ауыл халқының алғысын алғаннан артық бақыт та, марапат та жоқ деп ойлаймын».

Орынбек Әнуарұлы – отбасында құдай қосқан қосағының сенімді серігі, екі ұл, бір қызының мейірімді әкесі. Тұңғыш ұлы Шыңғыс отбасымен Астанада тұрады, жеке кәсіпкер. Шыңболат есімді ұлы Тоғыс шахтасындағы ИЧ-167/9 мекемесінде қызмет атқарса, кенже қызы Құралай – Еуразия Ұлттық университетінің III курс студенті.

**А.АСҚАРҚЫЗЫ.**

*Суретте: тәжірибелі мал дәрігері Орынбек Әбдіров.*

## Сібір жарасы ауруынан сақ болыңыздар!

Сібір жарасы қойда – топалаң, жылқыда – жамандат, ірі қарада – караталак, түйеде – ақшелек, қарабезд, адамда түйнеме, күйдіргі деп аталады. Сібір жарасы – мал және жабайы жануарлардың жұқпалы ауруы. Онымен адам да ауырады. Сібір жарасы – кең тараған маусымды індет. Ол әсіресе қуаңшылықты жылдары маусым-қыркүйек айларында жиі тарайды. Өлген жануардың қаны қара май түсті болады, ұйымайды. Ол жиі мұрыннан, анустан ағуы мүмкін. Өлген малда сіресуі болмайды. Осы аурудан өлген малдарды сойып, ішін жаруға да болмайды.

Аурудың таралу жолы – індетке шалдыққан жануарлардың зәрі және өлген немесе сойылған малдың терісі, еті, жүні арқылы індеттің ауру қоздырғышы сыртқы ортаға таралады. Бұл індетпен өлген малдың бүкіл органдары ұлпаларында қоздырғыштары өте көп болады.

Аталған аурудың клиникалық белгілері барлық мал түлігінде негізінен ұқсас болады. Топалаң негізінен қой мен ешкіде, сирегірек жылқы мен сиырда байқалады. Ауырған мал көнеттен, аурудың клиникалық белгісі байқалып үлгермей-ақ, өліп кетеді. Мұндай

жағдайда қой өнтігіп, дірілдеп-қалшылдап, кейде орнында секіріп барып құлайды да, бірер минуттың ішінде өледі. Мұрны мен аузынан қанды көбік ағады. Жылқы мен сиыр еліріп, одан кейін тез басылады. Ентігіп, солығын баса алмай дем алады, тамыры жиі соғып, кілегейлі қабықтары көкшілденіп, дене қызуы 41-42°C жетеді. Топалаңға ұшыраған қой тісін қышырлатып, бағытсыз қозғалады, денесі құрысып, аузынан, мұрнынан, артқы ішегінен қанды көбік ағады. Індет жіті жағдайында малдың қызуы көтеріледі, мал қимылсыз күйзеліп, көз айналасы қанталап, ауыз және тыныс кілегей қабығы көгеріп, қан аралас тышқақтайды, көп ұзамай өледі. Терінің ішкі қабаты сарғыш түстеніп, қанталап, қан тамырлары білеуленіп, лимфа түйіндері ісінеді, көкбауыр өз көлемінен бірнеше есе ұлғаяды. Бауыр мен бүйрек қанға толып, жүрек талшықтары босап, ішек, асқазанның ішкі жақтары қанталап қабынады.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР!**

Өзіңіздің денсаулығыңызды қауіп-қатерден сақтау үшін Егер қорадағы мал ауырса немесе өліп қалса, шұғыл арада ветеринарға хабар-

лаңыз. Ветеринар келгенше, өзді-гіңізден малды союға кіріспеніз.

Жергілікті мал дәрігерімен келісіп, жылына 2 рет малды түгелдей сібір жарасына қарсы егу қажет.

Малды соятын немесе сататын жағдайда, алдын ала мал дәрігеріне көрсетіп анықтама алу міндетті.

Қорыта келгенде айтарымыз, мал немесе мал өнімдерін сатып алатын болсаңыз, сатушылардан мал дәрігері берген анықтаманы талап етіңіздер және етті арнайы ет сататын жерлерден ғана сатып алыңыздар. Ауладағы ауылшаруашылық малдарын ұстау ережелерін мұқият сақтаңыздар. Аурудың алғашқы белгілері байқала қалса, дәрігерге қаралыңыз, дер кезінде басталған ем өміріңізді сақтап қалатындығын естен шығармаңыз! Аурудан сақ болыңыз!

Есте сақтаңыз: сібір жарасы аса қауіпті жұқпалы аурулар қатарына жатады!

**А.САПАРОВА,**  
**ТО АШБ «Ветеринариялық қызмет» ШЖҚ МКК**  
**Төлеби аудандық филиалының дәрігер-эпизоотологы.**

## Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесіне – цифрлық серпін

Интерактивті карта арқылы көз келген қолданушы өзіне қажетті өңірді таңдап, сол аймақтағы колледждердің, студенттер мен оқытушылардың санын, жатақхана, спортзал, шеберхана сынды инфрақұрылым нысандары, оқу бағыттары мен мамандықтар туралы толық мәлімет ала алады. Платформада ақпарат облыс, аудан, нақты колледж және білім беру бағдарламалары бойынша икемді жүйемен сұрыпталады.

«Бүгінде мұндай ақпарат тек жекелеген платформаларда немесе жергілікті атқарушы органдардың сайттарында ғана жинақталады. Жаңа карта ел бойынша барлық деректерді біріктіріп, уәкілетті органдар үшін де, студенттер мен олардың ата-аналары үшін де пайдалы құралға айналады», – дейді ҚР Оқу-ағарту министрлігі техникалық және кәсіптік білім беру департаментінің директоры Әсет Мұханбетов.

Бүгінде платформаның өзекті нұсқасы «Talap» KEAҚ ресми сайтында және map.talap.edu.kz/map мекенжайы бойынша орналастырылған. Пилоттық жүйе 2025 жылдың шілде айында толық іске қосылады деп жоспарлануда.

**«Төлеби-ақпарат».**

### Жарамсыз деп табылсын

Сейтхасимова Акталкын Толбасиевнаның меншігіндегі «HYUNDAI (IX35) TUCSON» маркалы автокөліктің 650FGA17 мемлекеттік тіркеу номері (алдыңғы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

Утелбаева Гульжахан Пердалиевнаның меншігіндегі «Mercedes Benz 230» маркалы автокөліктің X786VMN мемлекеттік тіркеу номері (артқы) жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

\*\*\*

Сапаралы Нұрай Қайратқызына 2023 жылғы 8 тамызда ҚР Ішкі істер министрлігі берген №054042303 жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

«Төлеби туы» газетінің бөлім меңгерушісі Иманалиева Ақжан Әлиасқарқызына жеңгесі **ОРТАЙҚЫЗЫ Гүлжайнаттың** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Мәдени жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің бастауыш сынып мұғалімі Қасымова Гүлзадаға анасы **ҚАСЫМОВА Гүлзипа Алданқызының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Қ.Сәтбаев атындағы №4 мектептің орыс тілі пәні мұғалімі Тұрғымбаева Мадинаға анасы **ҚҰРМАНБЕКОВА Ания Исақызының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Қазақстан жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектеп директорының бейіндік оқу жөніндегі орынбасары Қойбекова Нұргүл Қауынбекқызына және аспаз Джуматаева Гулнараға әжесі

**БЕКТЕМІРОВА Пернекүл Махантайқызының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.

Қасқасу шағын жинақты жалпы білім беретін мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі Төлеева Жанарға әкесі, техникалық қызметкер Құлатаев Қалыбекке қайын атасы

**ТӨЛЕЕВ Зәкір Анарұлының** қайтыс болуына байланысты көңіл айтып, қайғысына ортақтасады.



## Құттықтаймыз!

Төлеби аудандық №3 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры, білікті басшы, самбодан спорт шебері **ОРДАБАЕВ Ғани Оңғарұлын** 55 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Ғани Оңғарұлы спорт саласында қызмет еткен 30 жылдан аса уақыт аралығында шәкірттері самбодан, дзюдодан, бокстан, кикбоксан, еркін күрестен ірі халықаралық турнирлердің, ҚР чемпионаттарының жеңімпаздары мен жүлдегерлері, Азия, Евразия және әлем чемпиондары атанды.

Құрметті Ғани Оңғарұлы! Сізді туған күніңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыңызға амандық, бақ-береке тілейміз! Ұжымыңызды толағай табыстарға жетелеп, шәкірттеріңіз Қазақстан, Азия, әлем және олимпиада чемпиондары болуына тілектеспіз!

55 жас – мерейлі жас ер үшін,  
Еңбегіңіз еселенсін ел үшін.  
Бала-шаға қызығына кенеліп,  
Бұл өмірдің көріңіз тек жеңісін!

*Ізгі тілекпен, Төлеби аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі, Төлеби ауданының спорт саласының қызметкерлері мен ұжымдастары.*



## Құттықтаймыз!

Ақайдар жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі **ЖОЛАНОВА Аманкүл Жолдықарақызын** 60 жасқа толған мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз! Әріптесіміз – отбасында ерінің аяулы жары, үш ұл, бір қызының сүйікті анасы, алты немересінің мейірімді әжесі.

Құрметті Аманкүл Жолдықарақызы, сіздің өмір жолыңыз – жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруге арналған адал еңбектің жарқын үлгісі. 43 жыл бойы шәкірт жүрегіне шуағыңызды төгіп, ұлағатты ұстаз атандыңыз. «Педагог-зерттеуші» санатыңыз – еңбегіңіз бен біліміңіздің айғағы. Бастауыш сынып мұғалімі ретінде талай баланың білімге деген қызығушылығын оятып, өмірге деген сенімін арттырдыңыз. Шәкірттеріңіздің алғысы – сіздің өмірлік байлығыңыз.

Сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, сарқылмас күш-қуат, отбасыңызға береке-бірлік тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріңіз, шәкірттеріңіз биіктен көрініп, қуанта берсін!

Жеміс берсін тер төккен еңбегіңіз,  
Арта берсін абырой-беделіңіз!  
Таси берсін дәулет пен мерейіңіз,  
Шаттық болсын әрдайым көргеніңіз!

*Ізгі ниетпен, Ақайдар жалпы білім беретін мектебінің ұжымы.*



## «IQanat»

## республикалық олимпиадасындағы жеңіс

Маусым айының 14-і мен 19-ы күндері аралығында өткен «IQanat» республикалық олимпиадасының қорытынды кезеңінде Төлеби ауданының оқушылары тамаша жетістікке қол жеткізді.

Көксәйек ауылындағы Жеңіс жалпы білім беретін мектебінің 8 «А» сынып оқушысы Жаналы Шұғыла Талғатқызы республикалық сайыста үздік нәтиже көрсетіп, жартылай грант иегері атанды. Жас дарынның табысты өнер көрсетуіне үлес қосқан жетекшісі – математика пәнінің мұғалімі, педагог-модератор Шадиев Рустамбек Бегзатович.

Ал Момынай ауылындағы Момынай жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Әмірәлі Кәусәр Болатқызы биология пәні бойынша сынға түсіп, толық білім грантын жеңіп алды! Жетекшісі – сынып жетекшісі Артикабаева Айжан Сейдуалиқызы.

Жеңімпаз оқушыларымызды және ұстаздарын шын жүректен құттықтаймыз! Жарқын болашаққа жол ашатын бұл жеңістеріңіз – табанды еңбектің, сапалы білімнің жемісі. Еліміздің ертеңі өздеріңіздей білімді, алғыр жастардың қолында!

*«Төлеби-ақпарат».*

## Республикалық жарыста жеңімпаз



## • Бәрекелді!

Жуырда Алматы қаласында 5-6-сынып оқушылары арасында Ұлттық мектеп лигасының республикалық кезеңі өтті. Нәтижесінде республикалық жарыста үстел теннисінен №119 Маятас жалпы білім беретін мектебінің оқушыларынан құралған команда жоғары шеберлік пен табандылық танытып, 1-орынды жеңіп алды.

Суретте: жеңімпаз оқушылар Ералхан Дулат, Асан Нұрасыл, Нұрлан Жансая және оларды жарысқа дайындаған жетекшілері Оразбаев Нұрлан.

Ұлттық домбыра күніне орай Ленгір қалалық перзентханасында аудандық өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы Ж.Кадиров және Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы

халық тұрады. Енді сен – сол халықтың бір мүшесің. Сен туған жылы ел тарихында өшпес із қалдырған азаматтардың мерейтойлары аталып өтті. Сенің бойыңнан да

биіктерге еліңмен бірге өрлейсің. Сенің сан ғасыр қазақпен бірге жасасып келе жатқан ұлттық аспап ұлықталатын мерекемен сәйкес келуіңнің терең мәні бар: Ұлттық домбыра

## Домбыра мен құттықтау хат

аудандық аналар кеңесінің төрайымы А.Рахимова және кеңес мүшелері дүние есігін жаңа ашқан Әмина есімді нәрестенің анасына (суретте) домбыра тарту етті.

Шара барысында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айдаркүл Рахимова сәбиін құшағына жаңа алған ана мен білікті дәрігерлерге құттықтау тілегін білдіре отырып, ҚХА-ның сәбилерге жолдаған арнайы хатын тапсырды. Аталған құттықтау хатта:

«Сен туған еліңнің ғажап дәуірінде дүниеге келдің! Сенің Отаның Қазақстан – ұл мен қызы еркін, дамуы қарқынды, әлемнің барша елімен терезесі тең мемлекет! Сенің Отаның – ұланғайыр даласы мен заңғар таулары, айдынды өзен-көлдері мен әсем қалалары бар ел. Ең бастысы, бұл елде бірлігі берік, еңбекқор, мейірімді



осы ұлы тұлғалардың асыл қасиеттері табылсын, айналайын! Сен де, 100 жылдығы тойланған Әлия Молдағұловадай батыр бол. 140 жылдығы аталған Алаш қайраткері Міржақып Дулатұлындай отаншыл бол. 180 жылдығы аталған ақын Абайдай абыз бол. Білімің мен күш-жігеріңді Отан-анаң – Қазақстанның көркейіп, дамуына жұмса! Сен ерекше күн – Ұлттық домбыра күні дүниеге келдің! Сен де ұлттық сананы дүр сілкіндірер қасиетті домбыра үнінен рух алып,

күні – Қазақстан халқын ұлттық мәдениет пен ортақ құндылықтар төңірегінде топтастыруды мақсат ететін мереке. Болашақта сенің де осы асыл идеяны іске асырушылар қатарында болатынына сенімдіміз. Сол жолда ДОМБЫРАҢ жан серігің болсын, айналайын! Ұлкен өмірге жасаған қадамың құтты болсын, Ұлы Дала перзенті!» – деген ізгі ниет, жақсы тілектен туған жүрекжарды сөздер бар.

*«Төлеби-ақпарат».*

## Түсіндіру жұмыстары жүргізілді

Қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық ахуалды жақсарту – ел алдында тұрған өзекті міндеттердің бірі. Осы мақсатта іске асып жатқан «Таза Қазақстан» ұлттық жобасы – табиғатты аялауға, ұрпақ болашағына бағытталған маңызды бастама.

Аталған жоба аясында Төлеби ауданының таулы аймақтарында демалушыларға санитарлық талаптарды сақтау, отты жаққанда абай болу, қоқыс қалдырмау, табиғатқа ұқыпты қарау бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Аудан әкімінің орынбасары Бауыржан Қайратұлының жетекшілігімен сала мамандары мен аудандық полиция өкілдері

Бірінші Мамыр ауылдық округіндегі демалыс аймақтарын аралап, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, экологиялық тәртіпті бұзғандарға әкімшілік шаралар қолданды.

Жыл басынан бері аудан аумағында ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 505 және 434-2-баптары бойынша 642 хаттама толтырылып, 14,4 миллион теңгеден астам айыппұл салынған. Сонымен қатар, 57 тазалық акциясы өткізілді.

Табиғат – ортақ қазына. Оған деген құрмет пен жауапкершілік – әрбір азаматтың міндеті. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасатын болады.



Біздің мекенжайымыз: 161101, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Ленгір қаласы, Төле би көшесі, 111 “Б” үй.

Меншік иесі: «Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ЖШС ДИРЕКТОРЫ –  
БАС РЕДАКТОР  
РАХМАНҚҰЛОВ  
Әбдімәлік  
Түймебекұлы**  
8-701-408-72-32

Бас редактордың орынбасары  
Орынбасар СҮТТІБАЕВ (экономика және руханият)  
8-706-413-11-56.  
Бөлім меңгерушісі Ақжан ИМАНАЛИЕВА  
(әлеумет, бұқарамен байланыс)  
6-23-23, 8-702-494-81-71  
Бас есепші Жанар ЕРЕЖЕПОВА  
8-705-887-51-61.  
Дизайнер Нұргүл МАМЫТХАНОВА  
8-705-897-01-02 (жарнама)

Газеттің осы нөміріне жауапты кезекші  
Ақжан ИМАНАЛИЕВА.  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, «АР-принт-1» ЖШС-нің баспаханасында басылды.  
**Баспахананың мекенжайы:**  
Шымкент қаласы,  
Тәшенов көшесі, №24 үй.  
Газетке жазылу индексі 66744  
Таралымы 2662 дана. Тапсырыс №

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Редакция материалдардағы фактілердің дұрыстығына автор жауапты екендігін ескертеді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұны үшін редакция жауап бермейді.

«Төлеби туы» газеті Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2013 жылғы 20 маусымда тіркеліп, №13693-Г куәлігі берілген.